

"Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңын күшіне енгізу тәртібі жөнінде

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы. 1994 жылғы 27 желтоқсан N 267 Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2003.01.08. N 373 Заңымен.

Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесі қаулы етеді:

1. "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасының Заңы жарияланған күнінен бастап күшіне енгізілсін.

2. Заңның 12-бабы осы Заң күшіне енгізілгенге дейін пайда болған құқықтық қатынастарға да қолданылады деп белгіленсін.

3. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

"Қазақ КСР-індегі шетелдік инвестициялар туралы" 1990 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақ КСР Заңы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990 ж., N 50., 473-құжат; Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1992 ж., N 13-14, 308-құжат; 1993 ж., N 8, 179-құжат);

"Қазақ КСР-індегі шетелдік инвестициялар туралы" Қазақ КСР Заңын күшіне енгізу туралы" 1990 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Қаулысы (Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесінің Ведомостары, 1990 ж., N 50, 474-құжат)

4. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

- 1995 жылғы 1 наурызға дейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне "Шетелдік инвестицияларға байланысты шарттар бойынша мемлекеттік кепілдіктер беру тәртібі туралы" Заңның жобасын табыс етсін;

- 1995 жылғы 1 наурызға дейін Қазақстан Республикасының Жоғарғы Кеңесіне Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заң құжаттарын "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан Республикасы Заңына сәйкес келтіру туралы ұсыныстарын табыс етсін;

1995 жылғы 1 ақпанға дейін:

- Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдерін осы Заңға сәйкес келтірсін;

- Қазақстан Республикасы министрліктерінің, мемлекеттік комитеттері мен ведомстволарының осы Заңға қайшы келетін өз қалыпты құжаттарын қайта қарауын және олардың күшін жоюын қамтамасыз етсін.

5. Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің Экономикалық реформа жөніндегі комитетіне "Шетелдік инвестициялар туралы" Қазақстан

Республикасы Заңының орындалуына және осы Қаулыда көзделген шаралардың іске асырылу барысында бақылау жасауды қамтамасыз ету тапсырылсын.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Жоғарғы Кеңесінің Төрағасы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК